




References:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған – [Jelektron. resurs]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs> (zhyginu uaqyty: 12.11.2024)
- 2 Rajzberg B. A., Lozovskij L. Sh., Starodubcev E.B. *Sovremennyj jekonomicheskij slovar'*. - M., 1996. – 487 s.
- 3 *Finansovo-kreditnyj jenciklopedicheskij slovar' / pod obshh. red. A.G. Grjaznojovj.* - M.: Finansy i statistika, 2002.-387 s.
- 4 Ershova I. V. *Jekonomicheskaja dejatel'nost': ponjatie i sootnoshenie so smezhnymi kategorijami // Lex russica.* - 2016. - №9. - S. 46–61.
- 5 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекси (Erekshe bəlim) 1999 жылы 1 шилдедегі №409 Кодекси – [Jelektron. resurs]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/> (zhyginu uaqyty: 02.12.2024 zh.)
6. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодекси. 2015 жылы 29 қазан – [Jelektron. resurs]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs> (zhyginu uaqyty 02.12.2024)
- 7 Kyzdarbekova A. S., Asetova G. B. *Кәсіпкерлік құқық: Оқулық.* - Almaty. ZhShS. RPBK «Dəuir», 2011 – 272 b.
- 8 Sejdahmetov A. S., Elshibekova Қ. Zh., Izmahanova A.Қ. *Кәсіпкерлік: Оқулық. Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы.* - Almaty.: «Jekonomika», 2011.- 344 b.
- 9 Zhilinskij S.Je. *Predprinimatel'skoe pravo.* - M.: Norma; Infra-M, 2000.- 374 s.
- 10 *Predprinimatel'skoe pravo: Pravovoe soprovozhdenie biznesa: uchebnik dlja magistrrov / R.N. Aganina, V. K. Andreev, L. V. Andreeva i dr.; otv. red. I. V. Ershova.* M.: Prospekt, 2017 // SPS «Konsul'tantPljus -234 s.
- 11 Moroz S.P. *Кәсіпкерлік (sharuashylyқ) құқық [Jelektronnyj resurs]: оқулық / S. P. Moroz.* - Jelektron. tekstovye dan. (14,4Mb). - Almaty: Bastau, 2009. - 287 b.
- 12 Shuvalov I. I. *Pravovoe regulirovanie predprinimatel'skoj dejatel'nosti v period social'no-jekonomicheskogo krizisa (teorija i praktika): dissertacija doktora juridicheskikh nauk / I.I. Shuvalov.* Moskva, 2022. - 401 s.
- 13 Krseten J. *Deer Verfassungsstaat in der Corona-Krise / J. Krseten, S. Rixen.* 2 Auflage. Berlin: C.H. Beck, 2021. - 357 p.

ҒТАХР 10.27.61  
ӘОЖ 347.440.14

10.51889/2959-6181.2025.79.1.008

Б.М.Кошпенбетов<sup>1</sup> , Г.Б.Меирбекова<sup>1\*</sup> , Н.А.Ракысбаева<sup>1</sup>   
<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(e-mail: kbakitkali@mail.ru, \*Meirbekova67@mail.ru, Nurgul\_ist@mail.ru)

## МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМ ШАРТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ

### Аңдатпа

Мақалада мемлекеттік заем шарты институты және оның теориялық және практикалық мәселелері, оның заңнамалық көрінісі зерттеледі. Азаматтық-құқықтық шарттар жүйесінде мемлекеттік заем шарты институтын тәжірибелік қолдану заңдылықтары жайлы айтылады. Заем шарты бойынша «пайыз» ұғымының анықтамасы тұжырымдалады, оның мақсаты осы ұғымды азаматтық-құқықтық қатынастарда «пайыз» ұғымын пайдаланудың басқа жағдайларынан ажырату болып табылады.

Сондай-ақ, мақалада тиесілі пайыздарды өндіріп алу-тараптар мемлекеттік заем шартын жасасу салдарынан оларға жүктелген міндеттемелерді орындамаған кезде азаматтық-құқықтық жауапкершілік шарасы болып табылатыны туралы мәлімдемелер негізделген.

Сонымен қатар, мемлекеттік заем шартының азаматтық-құқықтық міндеттеме ретінде теориялық негізделген анықтамасы берілген. Заем шарты барлық басқа құқықтық институттармен тең дәрежеде өзара іс-қимыл жасайтын дербес институт ретінде қарастырылады.

Мемлекеттік заем шарты институты саласындағы азаматтық құқықтық қатынастарды реттейтін қазақстандық заңнаманы жетілдіру жөнінде теориялық негізделген ұсыныстар ұсынылады.

**Түйін сөздер:** шарт, банк, ақылылық, жеделдік, қайтарымдылық, пайыз, тұрақсыздық айыбы

*Б.М. Кошпенбетов<sup>1</sup>, Г.Б. Меирбекова<sup>1</sup>, Н.А. Ракысбаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(e-mail: kbakitkali@mail.ru, Meirbekova67@mail.ru, Nurgul\_ist@mail.ru)*

## ПРАВОВОЙ ХАРАКТЕР ДОГОВОРА ГОСУДАРСТВЕННОГО ЗАЙМА

### *Аннотация*

В статье исследуются институт договора государственного займа и его теоретические и практические проблемы, его законодательное выражение. О закономерностях практического применения института договора государственного займа в системе гражданско-правовых договоров. По договору займа формулируется определение понятия «процент», целью которого является отделение данного понятия от других условий использования понятия «процент» в гражданско - правовых отношениях.

Также в статье обоснованы заявления о том, что взыскание причитающихся процентов является мерой гражданско-правовой ответственности при неисполнении сторонами возложенных на них обязательств вследствие заключения договора государственного займа.

Кроме того, дано теоретически обоснованное определение договора государственного займа как гражданско-правового обязательства. Договор займа рассматривается как самостоятельный институт, взаимодействующий наравне со всеми другими правовыми институтами.

Предлагаются теоретически обоснованные предложения по совершенствованию казахстанского законодательства, регулирующего гражданские правоотношения в сфере института договора государственного займа.

**Ключевые слова:** договор, банк, платность, срочность, возвратность, процент, неустойка.

*B.Koshpenbetov<sup>1</sup>, G.Meirbekova<sup>1</sup>, N.Rakysbaeva<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
(e-mail: kbakitkali@mail.ru, Meirbekova67@mail.ru, Nurgul\_ist@mail.ru)*

## THE LEGAL NATURE OF THE GOVERNMENT LOAN AGREEMENT

### *Abstract*

The article examines the institution of the state loan agreement and its theoretical and practical problems, its legislative expression. On the patterns of practical application of the institution of the state loan agreement in the system of civil law contracts. According to the loan agreement, the definition of the concept of "interest" is formulated, the purpose of which is to separate this concept from other terms of use of the concept of "interest" in civil law relations.

The article also substantiates statements that the collection of interest due is a measure of civil liability if the parties fail to fulfill their obligations as a result of concluding a government loan agreement.

In addition, a theoretically justified definition of a government loan agreement as a civil obligation is given. The loan agreement is considered as an independent institution, interacting on an equal basis with all other legal institutions.

Theoretically sound proposals are proposed to improve the Kazakh legislation regulating civil law relations in the field of the institution of a state loan agreement.

**Keywords:** contract, bank, payment, urgency, repayment, interest, penalty.

### *Негізгі ережелер*

Бұл зерттеу жұмысы негізінде, азаматтық заңнаманы жақсарту және жетілдіру мақсатында мемлекеттік заем шартының институтын реттеу кезінде теориялық және құқық қолдану практикасындағы ережелерді кеңінен қарастырады. Мемлекеттік заем міндеттемелері болып мәмілелерді жасасу кезінде туындайтын қатынастарға қатысушылардың міндеттемелерін бұзған кезде азаматтық құқықтық жауапкершілік шараларының тиімділігін арттыру.

### *Кіріспе*

Азаматтық-құқықтық шарттардың ішінде жеке және қоғамдық-құқықтық қағидаларды біріктіретін бірқатар инвестициялық шарттарға қатысты мемлекеттік заем шарты ерекше орын алады. Заем қатынастары саласында жаңа шарттық нысандардың пайда болуы жағдайында бұл әсіресе кәзіргі кезде өзекті [1, 23 б.].

Заем шарты мемлекеттік болған соң онда қарыз алудың шарттары мен мақсаттарын, талаптары мен міндеттерін күзіретті мемлекеттік орган айқындайды. Сондықтан ол әрқашан нысаналы сипатқа ие болады.

Заем алуда басты мақсат Республикалық бюджетті қаржыландыру болып табылады. Оны екі орган жүзеге асырады. Біріншісі Қазақстан Республикасының Үкіметі болса, екіншісі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады. Елімізде жүргізілетін ақша несие саясаттарын жүзеге асыру мақсатында негізінен Ұлттық Банк Қазақстан Республикасындағы төлем балансын қолдау мен алтын валюта қорларын толықтыру мақсатына мемлекеттік заем алуы мүмкін.

Ал, жергілікті атқарушы және басқару органдарының заем алуы өздерінің жергілікті бюджет тапшылығын жабу мақсатында жүзеге

### *Материалдар мен әдістер*

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде объективті шындықты білудің жалпы ғылыми әдістері, сондай-ақ мемлекеттік заем ұғымының әдіснамалық ережелері қолданылды. Сонымен бірге, тарихи-жүйелілік, формальды-құқықтық, салыстыру әдістерімен қатар, логикалық танымның негізгі әдістері талдау, синтез және жалпылау әдістері қолданылды.

Зерттеу әдіснамасының ғылыми аспектісін зерттеу мақсатында электрондық базалар мен ақпараттық ресурстарды тартуда және қолдануда қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану қажеттілігіне байланысты.

### *Нәтижелер мен талқылаулар*

Қаржылық шарттардың жіктелуі заң доктринасында ұсынылады. Мысалы: заем шарты; несие шарт; кепілгерлік шарты; міндеттемені орындаған кепілгерге осы міндеттеме бойынша да тиісті шарттар бар. Олардың қатарына сонымен қатар, несие берушіге құқықтарын беру туралы шартты, банктық кепілдікті беру туралы келісімді, яғни, талапты, цессияны беру туралы шартты, валюта кепіл шартын, мемлекеттік мүлік кепілі шартын жатқызуға болады. Тұрғын үй қатынастары бойынша жекешелендірілген пәтердің кепіл шарты мен пәтерге меншік құқығын кепілге беру шарты салынып жатқан үй; заемды кешіру және салымдарды өтеу туралы келісім; кепіл туралы келісім шарттарды жіктеледі. Сондай-ақ, ұстап қалу шарты, банктық қызмет көрсету бойынша шоттық есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуге арналған шарт, арнайы заңды тұлғалар үшін банктық салым шарты, жеке тұлға - азаматтыр үшін банктық салым шарты да қаржылық шарттардың қатарына жатады [2, 3-5 б. ].

Мұндағы атап өтетін маңызды мәселе – мемлекет азаматтық – құқықтық қатынастардың қатысушысы ретінде көптеген түрлі шарттар жасайтындығын атап өткен жөн.

Қаржылық-құқықтық шарттардың жіктелуі бойынша шарттарды бір топқа біріктіретін бірыңғай сипаттағы критерийлер айқын көрінеді. Заң ғылымында қаржылық қатынастар саласында «шарт» терминін қолдану конвенциясы шаруашылық жүргізуші субъектілерге қандай да бір жеңілдіктер беру үшін құқықтық реттеудің осы әдісін қолдануға кедергі келтірмейді деген пікірлер жиі кездеседі [3, 77-78 бб.].

Инвестициялар саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде ақша қаражатын алудың негізгі бағыты оларды шарт бойынша алу болып табылады. Бұнда несие беруші шартта көзделген екінші тарап, заем алушыға ақша қаражатын, не өзге де мүліктік құндылықтарды беру жөніндегі міндеттемелерді өзіне алады. Ал заем алушы алынған несие үшін пайызбен заем сомасын қайтаруды өз мойнына алады. Яғни, «заем» және «несие» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Азаматтық құқық бойынша «заем» өзінің сипаты бойынша несие шарты ретінде заем қатынастарының неғұрлым ерекше, түрі болған кезде неғұрлым әмбебап ұғым болып табылады [4, 9 б.].

Өз кезегінде заң ғылымында «несие» және «заем» ұғымдарында бірегейлік байқалмайды. «Заем» және «несие» ұғымдары синоним емес деген әртүрлі сипаттағы пікірлер бар, өйткені олардың әрқайсысының арнайы қолдану саласы бар [5, 77 б.]. Алайда, доктриналық және заңнамалық деңгейде бұл ұғымдар арасында нақты айырмашылық жоқ. Сондай-ақ, мемлекеттік несие және мемлекеттік заем ұғымдары тікелей қолданылады.

Бюджеттік реттеу-бұл мемлекеттің бюджеттік жүйесінің құрамына кіретін бюджеттердің тапшылығын қамтамасыз ету [6, 15 б.].

Мемлекеттік заемдер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен реттеледі. Жоғарыда атап өткеніміздей, олар, Қазақстан Республикасының Үкіметінің заемдары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің заемдары, Жергілікті атқарушы органдар мен аудандық маңызы бар қала, кент ауыл әкімдерінің заемдары болып, субъектісіне қарай бөлінеді.

Несиелік капиталдық нарықтар бойынша мемлекеттік заемдар, сыртқы және ішкі мемлекеттік заемдар болып бөлінсе, оларды алу нысаны бойынша, бірінші мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару және екінші заем шарттарын жасасу болып бөлінеді.

Бұл жердегі мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар қолданылу мерзімі бойынша, бір жылға дейінгі айналыс мерзімі қысқа, айналыс мерзімдері бір жылдан бес жылға дейінгі орта мерзімді және ары қарай бес жылдан асатын ұзақ мерзімді болыпта жіктеуге болады. Сонымен бірге шығару мақсаттары бойынша эмиссиялық бағалы қағаздар мемлекеттік заем ретінде бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында және борыштық құралдардың ішкі нарығын дамытуға көмектесу мақсатында шығарылатын болып бөлінеді.

Азаматтық заңнамалар бойынша мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар құжаттық және құжатсыз нысандарда шығарылуы мүмкін. Ұсынбалы бағалы қағаз ретінде шығарылған мемлекеттік заем тек құжаттық нысанда шығарылады. Сонымен қатар, олар белгіленген мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар рне белгіленбеген мемлекеттік бағалы қағаздар болыпта шығарылады. Ол дегеніміз, сыйақы мөлшерлемесімен номиналды және дисконтталған құн бойынша шығарылады деген сөз.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Несиелік капиталдық нарықтар бойынша мемлекеттік заемдар, сыртқы және ішкі мемлекеттік заемдар болып бөлінсе, сыртқы заемда заем беруші Қазақстан Республикасының резиденті болмайды. Бұнда заем алушы Қазақстан Республикасының Үкіметі не Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заем қатынасына қатысушылар. Ал ішкі заем берушіде заем беруші Қазақстан Республикасының резиденті, ал заем алушы Қазақстан Республикасының Үкіметі не Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заем қатынасына қатысушылар.

Сондай-ақ, мемлекеттік заемдар, мемлекет кепілдік берген заем және мемлекеттік емес заем болыпта бөлінеді [7, 68 б.].

Актілерде мемлекеттің қатысуымен заем және несие ұғымдары келесідей жүзеге асырылады-мемлекеттік заем алуда мемлекет борышкер, ал мемлекеттік несиелеуде мемлекет несие беруші болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде несиелік шарттар мен несие келісімдерін жасау кеңінен қолданылады. Несиелік өзара қарым-қатынастардың қалыптасқан жүйесіне сай банктің несиелік ресурстары банктің меншікті қаражаты, банктегі олардың шоттарындағы заңды тұлғалардың қаражаты есебінен қалыптастырылады. Сонымен қатар, вексельмен қамтамасыз етуге арналған депозиттер, белгілі бір мерзімге не талап етілгенге дейін салынған жеке тұлғалардың салымдары, басқа банктерден алынған несиелер, оның ішінде несие нысанында тартылған қаражат есебінен қалыптастырылады. Дегенмен, бұған сатып алған негізгі қорлардың құны, банктер мен басқада заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестеріне салынатын салымдарды және өзге де имобилизацияланған қаражаттар кірмейді [8, 114 б.].

Салыстырмалы түрде атап айтатын болсақ, көрші Ресей мемлекетінде азаматтық заңнамада несиелік келісім-шартқа қатысты бірқатар ұқсас баптар бар. Егерде несие ережелерінде өзгеше көзделмесе, сондай-ақ, несиелік шарттардың мәнінен туындамаса оған сәйкес, несиелік келісім шарт бойынша қатынастарға несие шарты туралы ережелер қолданылады [9, 245 б.].

Несие шарты бойынша, осы қаражатты пайдаланғаны үшін пайыздар несиеге алынған несие қаражаты заем алушының шотына түскен сәттен бастап есептеледі. Өйткені осы сомаға пайыздар несиеге берілген несиелік қаражатты нақты пайдалану уақытында, бірақ бұнда келісім несие беруші қолма қол ақша берген күннен бастап жасалады. Шартқа отырған кезден емес. Сондықтан бұл шарттың атауы банктік заем шартында несиелік қатынасқа қарағанда неғұрлым нақты және дұрыс болып табылады, өйткені несие экономикалық категория, ал заем заңды санат ретінде әрекет етеді [10, 218 б.].

Атап айтатын болсақ, экономикалық әдебиеттерде ол несие құқықын қайтарылатын қозғалысы ретінде анықталады. Олар қайтарым басталған кездегі төлем құралдарының қозғалысы, несие құнының қозғалысы, несие капиталының қозғалысы, қайарым басталған кезде ресурстарды орналастыру және пайдалану, болашақ ақшаның орнына ақша беруден басталады [11, 168 б.].

Несиелерді және олар бойынша сыйақыларды қайтару заем шартта айқындалған уақыт ішінде жүзеге асырылады. Яғни, құрылыс келісімшартын несиелеу және (немесе) қаржылық қамтамасыз ету туралы айтылады бұл күрделі құрылыс шартының мұрагері болды.

Доктринада да, банк қызметі туралы заңнамада да банктер несие беретін шарттардың әртүрлі атаулары қолданылады. Бұл банктік несие шарты, банктік заем шарты, банктік кредит шарты, заем шарты.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында банктік заем шартының атауы біріздендіріледі.

Заң шығарушы «несие шарты» ұғымын бекітпегеніне және ол азаматтық заңнамада жоқ екеніне қарамастан, ол басқа заңнамалық және заңға тәуелді актілерде қолданылады.

### *Қорытынды*

Мақаланы аяқтай отырып, біз келесі тұжырымдарға келеміз. Мақалада мемлекет шарт бойынша заем шартының құқықтық сипатына зерттеу жүргізілді. Соңғысы келісімшарт бойынша тарап болғандықтан, сонымен қатар несие беруші ретінде әрекет ететіндіктен, тиісінше, мұндай қатынастардың құқықтық табиғаты оның әкімшілік және қоғамдық сипатын көрсетеді.

Сонымен бірге, заем бере отырып, мемлекет тараптардың теңдігі қағидаты бойынша азаматтық кодекске сәйкес шарт жасасады.

ҚР АҚ 715-бабында заем шартының анықтамасы берілген. Бұл ретте заем шарты ақша берілген сәттен бастап жасалған болып есептеледі, ол ҚР АҚ 717-бабында көрсетілген, егер заем алушының заем шартына оның қаражаты жоқ бойынша дау айту процесінде ақша шын

мәнінде заем берушіден алынбағаны анықталса, заем шарты жасалмаған болып саналады. Заем шартын жасасу барысында шарттың ақысы, оны жүзеге асыру валютасы, шарттың нысаны, заем пайыздық және пайызсыз, сондай-ақ, заем ды қайтару мерзімі сияқты тармақтарды ескеру қажет. Жалпы ереже бойынша, ҚР АҚ 282-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында ақшалай міндеттемелер теңгемен көрсетілуі тиіс. Шарт тараптар келіскен өзге бағам бойынша айқындалады. Валюта бағамдарының ауытқуын әркім есептей алмаған кезде, заемды теңгемен қайтару заемды қайтару күніне тиісті валютаның бағамына байланысты жүзеге асырылатынын шартта қарастырған жөн.

Осылайша, шарт жасасу сәтінде Тараптар келіскен бағаммен салыстырғанда мұндай бағам ұлғайған жағдайда, заемды қайтару күніне белгіленген бағам қолданылуы мүмкін. Бағам азайған жағдайда, қайтару шарт жасалған күні тараптар бекіткен бағам бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. ҚР АҚ 716-бабында заем шарты үшін жазбаша нысан көзделген.

Заем шартын жасасар алдында заем алушының құқық қабілеттілігімен қатар оның төлем қабілеттілігін тексерген жөн. Мәселен, мысалы, заем алушыдан өзіне тиесілі мүлікке (Пәтер, Үй, автомобиль, бағалы қағаздар, банктердегі шоттар және т.б.) құқық белгілейтін құжаттарды ұсынуға міндеттеуге болады. Бұл құжаттар заем берушіге өз мүдделерін қорғау үшін қажетті шараларды қабылдауға көмектеседі.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Мороз С.П. Договор займа: Понятие и особенности. // Юрист. - 2004. - [Электрон. ресурс]. – URL: [http://www.zakon.kz/magazine/archive/2004\\_01\\_11.asp](http://www.zakon.kz/magazine/archive/2004_01_11.asp)) (жүгіну уақыты 22.12.2024 ж.)

2 Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. /Общая часть. Алматы: ТОО «Баспа», 2001. – 272 с.

3 Запольский С.В. Самофинансирование предприятий (правовые вопросы) / С.В. Запольский. – М.: Юридическая литература, 1988. – 159 с.

4 Суханов Е. Заем и кредит. Финансирование под уступку денежного требования. Банковский вклад. Банковский счет. // Хозяйство и право. - 1996. - №7. - С. 9-15.

5 Залевский В. Г. Проблема соотношения терминов «государственный кредит» и «государственный заем» в теории и законодательстве // Законодательство. - 2002. - №1. С.77-81.

6 Аскарлова Г.М. Финансовое право Республики Казахстан (особенная часть): Учебно-методическое пособие. – Костанай: КПУ имени А. Байтұрсынова, 2022. – 107 с.

7 Бюджетный кодекс Республики Казахстан от 04.12.2008 N 95-4. - [Электрон. ресурс]. – URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K080000095\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K080000095_)

8 Эриашивили Н. Д. Банковское право. // Учебник для вузов. / М.: Закон и право, ЮНИТИ-ДАНА, 1999. – 152 с.

9 Гражданский кодекс Российской Федерации (Особенная часть) от 21 декабря 1995г. (с изменениями и дополнениями), ст. ст. 819-821. - [Электрон. ресурс]. – URL: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_9027/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_9027/)

10 Постановление пленума Верховного суда РФ и Высшего арбитражного суда РФ от 1 июля 1996 г. №618 «О некоторых вопросах, связанных с применением части первой Гражданского Кодекса Российской Федерации» // Вестник Высшего арбитражного суда РФ, 1996. №9, п.5.2 - [Электрон. ресурс]. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31514601](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31514601)

11 Деньги, кредит, банки: учебник / коллектив авторов; под ред. О.И. Лаврушина. — 12 е изд., стер. — М.: КНОРУС, 2014. — 448 с.

*References:*

1 Moroz S.P. Dogovor zajma: Ponjatie i osobennosti. // Jurist. - 2004. - [Jelektron. resurs]. – URL: [http://www.zakon.kz/magazine/archive/2004\\_01\\_11.asp](http://www.zakon.kz/magazine/archive/2004_01_11.asp)). (Zhyginu uақыты 22.12.2024 zh.)

2 Hudjakov A.I. *Finansovoe pravo Respubliki Kazahstan. /Obshhaja chast'. Almaty: TOO «Baspa», 2001. – 272 s.*

3 Zapol'skij S.V. *Samofinansirovanie predpriyatij (pravovye voprosy) / S.V. Zapol'skij. – M.: Juridicheskaja literatura, 1988. – 159 s.*

4 Suhanov E. *Zaem i kredit. Finansirovanie pod ustupku denezhnogo trebovaniya. Bankovskij vklad. Bankovskij schet. // Hozjajstvo i pravo. - 1996. - №7. - S. 9-15.*

5 Zalevskij V. G. *Problema sootnosheniya terminov «gosudarstvennyj kredit» i «gosudarstvennyj zaem» v teorii i zakonodatel'stve // Zakonodatel'stvo. - 2002. - №1. S.77-81.*

6 Askarova G.M. *A 90 Finansovoe pravo Respubliki Kazahstan (osobennaja chast'): Uchebno-metodicheskoe posobie. – Kostanaj: KRU imeni A. Bajtursynova, 2022. – 107 s.*

7 Bjudzhetnyj kodeks Respubliki Kazahstan ot 04.12.2008 N 95-4. - [Jelektron. resurs]. –URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K080000095\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K080000095_)

8 Jeriashvili N. D. *Bankovskoe pravo. // Uchebnik dlja vuzov./ M.: Zakon i pravo, JuNITI-DANA, 1999. – 152 s.*

9 *Grazhdanskij kodeks Rossijskoj Federacii (Osobennaja chast') ot 21 dekabnja 1995g. (s izmenenijami i dopolnenijami), st. st. 819-821. - [Jelektron. resurs]. – URL: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_9027/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_9027/)*

10 *Postanovlenie plenuma Verhovnogo suda RF i Vysshego arbitrazhnogo suda PF ot 1 ijulja 1996 g. №618 «O nekotoryh voprosah, svjazannyh s primeneniem chasti pervoj Grazhdanskogo Kodeksa Rossijskoj Federacii» // Vestnik Vysshego arbitrazhnogo suda RF, 1996. №9, p.5.2 - [Jelektron. resurs]. –URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31514601](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31514601)*

11 *Den'gi, kredit, banki: uchebnik / kollektiv avtorov; pod red. O.I. Lavrushina. — 12 e izd., ster. — M.: KNORUS, 2014. — 448 s.*

ГТАХР: 10.23.21  
ӘОЖ 346.2

10.51889/2959-6181.2025.79.1.009

С.С. Тунистанова<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup>И. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті  
(\*Tin\_019@mail.ru)

## БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚҰҚЫҚТАҒЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТІЛЕРДІҢ ҮСТЕМ ЖАҒДАЙЫ

### Аңдатпа

Бұл мақалада бәсекелестік құқықтағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің нарықтағы үстем жағдайы туралы қарастырылған, сонымен қатар үстем жағдайдың түрлері, белгілері, үстем жағдайға ие болу шарттары, шаруашылық жүргізуші субъектілердің міндеттері, үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқықтары (өкілеттіктері) туралы талданған. Өйткені, бұл мәселе жаһандану кезеңінде құқықтық жағынан да, экономикалық жағынан да өзекті мәселеге айналды. Тақырып аясында үстем жағдайға ие болу мен оның тәртібі, еліміздегі үстем жағдайға ие болған шаруашылық субъектілері туралы статистикалық деректер қарастырылып, құқықтық жағдайына шолу жасалған.

Мақалада салыстырмалы талдау әдістері, әр-түрлі құқықтық жүйелердің ерекшеліктерін анықтау және сипаттау үшін жүйелік тәсілдер қарастырылды.

Зерттеу нарықта үстем жағдайды ұстап тұру арқылы бәсекелестікті дамыту, ал оның мемлекеттің экономикалық жағдайын ұстап тұруы үшін аса маңызды екенін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** шаруашылық жүргізуші субъект, монополия, үстем жағдай, монополистік қызмет, бақылау.